

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мотор отыны ретінде табиғи газды пайдаланатын көлік құралдарына орнатуға арналған компоненттердің жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 14 маусымдағы № 73 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешімінің қосымшасы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ескертуі мынадай мазмұндағы 39С ескертуден толықтырылсын:

"39С) Кедендік құнынан 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу ставкасы 02.09.2016 бастап қоса алғанда 31.12.2020 ж. дейін қолданылады."

2. Осы Шешім 2016 жылғы 2 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 73 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КПП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
8409 91 000 9	--- өзгелері	-

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
	--- өзгелері: ¹	
8409 91 000 2	---- мотор отыны ретінде табиғи газды пайдаланатын көлік құралдарына орнатуға арналған қозғалтқыш цилиндріне отынды өткізуге арналған газ бүріккіштері 5)	-
8409 91 000 8	---- өзгелері	-

¹ ЕАЭО СЭҚ ТН 8409 91 000 1 кіші қосалқы позициясынан кейінгі коды жоқ кіші қосалқы позиция Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 14 маусымдағы № 73 шешіміне № 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнның пайызымен, не еуромен, не АҚШ долларымен)
8409 91 000 2	---- мотор отыны ретінде табиғи газды пайдаланатын көлік құралдарына орнатуға арналған қозғалтқыш цилиндріне отынды өткізуге арналған газ бүріккіштері 5)	3 ^{39C)}
8409 91 000 8	---- өзгелері	3